ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ КАФЕДРАСЫ

***Лекция тақырыбы:***

# Болжау және жоспарлау мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері ретінде.

Мамандық аты, шифры: **5В051000 –Мемлекеттік және жергілікті басқару**
**5В050700-Менеджмент, 5В050600 – Экономика,**
**5В050800- Есеп және аудит, 5В050900 - Қаржы**

Пән оқытушысы: Дандаева Б.М.

**ТҮРКІСТАН 2017ж.**

# Қарастырылатын сұрақтар



1. Мемлекеттік реттеудің қазіргі әдістері: ғылыми болжау, жоспарлау, бағдарлама жасау
2. Болжаудың түрлері, қағидалары.
3. Жоспарлаудың мәні және негізгі мақсаттары, түрлері
4. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары, мерзімі, сипаты және жүзеге асыру тәсілдері

## ***Лекцияның мақсаты мен міндеттері:***

Жоспарлау мен болжау арқылы ұлттық экономиканың жетістікпен дамуы үшін жеткілікті әлеуетті қамтамасыз ету. Ғылыми негіздегі мақсатта алдағы дамуды және іс-қимылдағы құралды дайындау арқылы оның нақты жетістіктері үшін мүмкіндіктерді анықтау болып табылады.



- 90-шы жылдардың басында «Экономиканы жоспарлаудың керегі жоқ, оның дамуын нарықтың өзі – ақ реттейді» - деген тұжырым жасалған болатын. Кейінгі жылдары халық шаруашылығы салаларының даму барысын стратегиялық жағынан да болжау-жоспарлау керек екендігін өмір айқындап берді. Сондықтан да осы жылдар ішінде экономиканың дамуын болжау мен жалпы мемлекеттік жоспарлардың керек екендігін сан рет қайталаған Президент 1997 жылдың наурыз айының бас кезінде тікелей өзіне бағынатын Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігін құрды. Агенттікке экономиканың дамуын болжау негізінде оның басыңқы бағыттарын анықтау және стратегиялық жоспарлау жасау арқылы оған қол жеткізу жолдарын белгілеу тапсырылған.

# Болжамдаудың ерекшелігі

- Кез-келген мемлекеттің қоғамдық өмірі болашақты анықтаусыз, алдағы даму жолын болжамдаусыз жалғасуы, дамуы мүмкін емес. Экономикалық болжамдар негізінде қоғамның даму мақсатын, сол мақсатқа жетуге қажетті экономикалық ресурстар көлемін – ұзақ, орта, қысқа мерзімдік жоспардың тиімді нұсқаларын, үкіметтің экономикалық, техникалық саясаттарының негізгі бағыттарын анықтау үшін қажет.
- Сондықтан, қоғамның даму үрдістерін болжау деңгейі неғұрлым жоғары болса, экономиканы басқару ісі де соғұрлым тиімді болады.



***<u>Болжам</u> дегеніміз белгілі бір объектінің болашақтағы жай-күйі, даму жолдары туралы ғылыми-дәлелді көрсетеді.***

***Болжамдарды зерттеп дайындау процесі <u>болжау</u> деп аталады***

***<u>жоспарлау</u>***

***ұдайы өндіріс үрдісіне мақсатты бағытпен ықпал ету бойынша тапсырмаларды дайындау арқылы жүзеге асырылады***

***<u>Жоспарлар</u> – бұл еліміздің экономикасын дамыту бойынша белгіленген негізгі мақсаттарды көрсететін көрсеткіштер мен міндеттер формасындағы құжаттар***



<u>**_Бағдарлама_**</u> **_– бұл әлеуметтік-экономикалық дамуда белгілі сапалық және сандық мақсаттарға жетуге бағытталған әлеуметтік, құрылымды-инвестициялық, қаржы-несиелік, салықтық, бюджеттік, баға, сыртқы экономикалық, аграрлық, ғылыми-техникалық, институтционалдық саясаттар аумағында қарсы тұрмайтын шаралардың, локальды уақыт пен кеңістіктегі кешен_**

**Болжап айту** -
бұл мәселенің болашақтағы перспективасын, жәй-күйін суреттеп, бейнелеу

**Болжау 2 мағынада қолданылады.**

**Болжап көрсету** - мәселенің болашағы туралы барлық ақпаратты тиімді пайдалана отырып, оны шешу жолдарын көрсету, анықтау

***Экономикалық болжау*** ***– экономикалық прогностиканың барлық әдіс-тәсілдерін, құралдарын қолдануға және экономикалық құбылыстарды реттеудің ғылыми әдістемелеріне негізделген экономикалық болжамдар жасау процесі***

***Гипотеза*** ***– бұл жалпы теория деңгейіндегі ғылыми болжауды бейнелейді***

Болжамдау мен жоспарлаудың экономиканы реттеу қызметіндегі қажеттіліктері

***алда болатын мәселелерді алдын-ала білуге қол жеткізеді немесе мүмкіншілік жасайды***

***экономика салаларындағы қатынастарды ұтымды үйлестіруді, реттеуді жақсартуға қол жеткізеді***

***алдағы тиімді жағдайларды қажетті уақыттарында сапалы пайдалануға мүмкіндік береді***

***басқару органдарына іс-қимыл жоспарларын, бағдарламаларын, қабылданған шешімдерін сапалы іске асырылуына мүмкіндік береді***

***Экономикалық болжамдар негізінде не анықталады:***

***қоғам дамуының мақсаттары және экономикалық ресурстары***

***ұзақ, орта мерзімді индикативті жоспарлардың тиімді іске асырылу мүмкіндігінің жоғары балама жолдары***

***қоғамның әлеуметтік – экономикалық, техникалық саясаттарының негізгі бағыттары тұжырымдалады***

***қабылданған шараларды іске асыру кездегі артықшылықтары мен кемшіліктері қандай деңгейде болу мүмкіндіктері***

**Болжау кеңістігіне байланысты**: *макроэкономикалық (халық шаруашылығының), құрылымдық (салааралық және аймақаралық), экономикалық кешендер (отын-энергетикалық, агроөнеркәсіп кешені, инвестициялық).*

***Болжау мерзіміне байланысты***:
*оперативті(1 ай)*
*Қысқа(1ж)*
*Орта(1-5ж)*
*Ұзақ(5-12-20)*

***Экономикалық болжамдар 4 жіктелінеді***

**Зерттеу объектісі:**
*өндірістік қатынастардың даму болжамы; ҒТП даму болжамы, халық шаруашылығы даму серпіні, еңбек ресурстарының даму болжамы, табиғи ресурстарды пайдалану болжамы.*

***Фунционалдық белгісі бойынша:***
*барлау және нормативтік болжамдар*

# *Болжамдау қағидалары*

***<u>Жүйелілік қағидасы</u>*. әлеуметтік – экономикалық болжамдарды әдістер мен модельдер жүйелері негізінде, иерархиялы (сатылы) және белгілі бір кезектегі сипатта құруды қарастырады**

***<u>Ғылыми және тұжырымдамалық қағидасы</u>* әр деңгейдегі, бағыттағы уақыт аралығындағы болжамдар қоғам өмірінің даму заңдылықтары, отандық және шет елдік озық тәжірибелерге негізделініп жасалануы керек екендігін білдіреді**

***<u>Баламалық қағидасы</u>* әр түрлі нұсқада болу керек екендігін білдіреді. Болжамдар көптеген мүмкін даму, орындалу бағыттарын қамтылуы керек.**

**Сол кезде ішінен ұтымдысынан, сапалысын таңдауға мол мүмкіндік болады.**

***Жоспарлаудың негізгі мақсаты*** **-**
**экономикада баланстық үйлесім мен макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін белгілі бір пропорциянальдыққа қол жеткізу.**

- ***Жоспарлау*** **- экономиканың объективті заңдары мен заңдылықтарын зерттеп түсіне білу және оларды саналы түрде пайдалану арқылы әлеуметтік-экономикалық дамудың жоспарларын ғылыми негізде дайындау мен олардың орындалуын ұйымдастыру үрдісі.**



# Жоспарлаудың міндеттері:

- **қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын анықтау;**
- **жоспарлы кезеңде экономикасының сандық және сапалық сипаттамаларын белгілеу;**
- **материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын орынды пайдалану арқылы ғылыми-техникалық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешудің тиімді жолдарын таңдау;**
- **жекелеген салалар мен аумақтардың даму қарқыны мен өзара қатынастарын анықтау.**



**Жоспарлау түрлері**

**директивалық**

**индикативтік**

**стратегиялық**

# Индикативтік жоспарлау

бұл мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асырудағы құралы және нарықтық экономиканың қызмет етуінде ықпал етуші негізгі әдісі болып табылады.



Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары

kazinform

Мемлекеттің күш-жігері шешуші 5 бағытқа шоғырландырылады:

1 дағдарыстан кейінгі дамуға дайындық
2 экономиканы жедел әртараптандыру
3 болашаққа инвестициялар
4 азаматтарға арналған қызметтер
5 ұлтаралық келісімді, қауіпсіздікті халықаралық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету

ЭКОНОМИКА:

Келесідей шешуші көрсеткіштерге қол жеткізу көзделген:

| | 2015 жылға қарай | 2020 жылға қарай |
|---|---|---|
| Өңдеу өнеркәсібінің ІЖӨ құрылымындағы үлесі құрайтын болады: | кем дегенде 12,5% | кем дегенде 13% |
| Экспорттың жалпы көлеміндегі шикізаттық емес экспорттың үлесі ұлғаяды: | 10-нан 40%-ға дейін | 45%-ға дейін |
| Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі өседі: | 1,5 есеге | 2 есеге |
| Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі артады: | 2 есеге | 4 есеге |
| ІЖӨ-нің энергия тұтыну ауқымы төмендейді: | кем дегенде 10%-ға | кем дегенде 25%-ға |

2015 жылға дейін:

- Аграрлық саланың экспорттық әлеуеті 4-тен 8%-ға дейін ұлғаяды
- Құрылыстың ішкі тұтынуы 80%-ға қазақстандық құрылыс материалдарымен қамтамасыз етіледі
- Отандық мұнай өңдеу зауыттары елдің отынға деген қажеттілігін қамтамасыз етеді
- Металлургия өнімдерін өндіру мен экспорттау 2 есеге, химия өнімдерінің өндірісі 3 есеге артады

2020 жылға дейін:

- Қазақстанның ІЖӨ нақты көрінісінде 2009 жылғы деңгеймен салыстырғанда кем дегенде үштен бірге ұлғаяды
- Онжылдық кезеңде инфляция орташа есеппен 5-8% шегінде болады
- Ұлттық қордың активтері ІЖӨ-нің кем дегенде 30%-ын (90 млрд. АҚШ доллары) құрайды
- Жұмыссыздық деңгейі 5%-дан аспайды

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА:

- қалалық, ауылдық жердегі барлық балалар мектепке дейінгі оқу-тәрбиемен қамтамасыз етіледі;
- орта білім 12 жылдық оқыту үлгісіне көшеді;
- кәсіби және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, жұмыс берушілердің сұраныстарына өзара байланыстырылады;
- ана мен сәби өлімі екі есе төмендетіледі;
- жалпы өлім 30%-ға азаяды;
- туберкулезге шалдығу 20%-ға қысқарады;
- өмір сүрудің орташа ұзақтығы 68-ден 72 жасқа дейін ұлғаяды.

«ҚазАқпарат» © 2010 Бұл жарияланымды «ҚазАқпараттың» жазбаша рұқсатымен ғана пайдалануға болады www.inform.kz

# Стратегиялық жоспарлау

- ұзақ мерзімге жасалынады және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын анықтайды. Оның мәні мемлекетпен жүзеге асырылатын ұлттық экономиканы дамытуда ең басты басымдылықтарын таңдау.
- Стратегиялық жоспарлау арқылы еліміздің қандай жолмен жүру керектігі анықталады, қандай нарықта жақсы жұмыс істеуге болатынын шешеді, қандай технологияны игеруге болатынын, еліміздің әлеуметтік бірлігін қалай қамтамасыз етілгендігін, экономиканың қандай секторына және қоғамдық құрылымына бағытталуы қажеттілігі анықталады.



## Жоспарлаудың негізгі әдістері

- баланстық
- нормативтік
- мақсатты-бағдарламалық.

**Ең алғаш 1997 жылы «Қазақстан 2030: Гүлдену, қауіпсіздік және барлық қазақстандықтардың тұрмыс жағдайларын жақсарту» Стратегиясы жасалынған болатын.**

**Бұл стратегия біздің мемлекеттілігіміздің қалыптасу кезеңі үшін жасалған болатын.**



«Қазақстан-2030» Стратегиясын тұжырымдаған кезде нәтижесінде жаңа, мүлдем күтпеген, экономикалық және геосаяси жағдаяттар туындайтын, өз көлемі жағынан теңдесі жоқ әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс төнеді деп ешкім күтпеген еді. Әлемдегі жағдай өзгеретінін және өмір өз түзетулерін енгізуі мүмкін екенін түсіне отырып, елбасының тапсырысы бойынша ұлттың 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағытын жасау ұсынылды, оның ішінде 2030 Стратегиясының міндеттерін орындау жалғасын табады.






# Бұл Стратегияның ерекшелігі

2050 жылға қарай Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру. Қазақстан XXI ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс. Біздің жетістіктеріміз бен қазақстандық даму үлгісі Жаңа саяси бағыттың негізі болуға тиіс. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – «Қазақстан-2030» Стратегиясының жаңа кезеңдегі үйлесімді дамуы.

# Стратегияның мақсаттары

- **Мемлекеттілікті одан әрі дамыту және нығайту.**
- **Экономикалық саясаттың жаңа қағидаттарына көшу.**
- **Ұлттық экономиканың жетекші күші – кәсіпкерлікке жан-жақты қолдау көрсету.**
- **Жаңа әлеуметтік үлгіні қалыптастыру.**
- **Білім беру мен денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы және тиімді жүйесін құру.**
- **Мемлекеттік аппараттың жауапкершілігін, тиімділігі мен функционалдығын арттыру.**
- **- Халықаралық және қорғаныс саясатының жаңа сын-қатерлеріне парапар саясат құру.**



***<u>Кез-келген бағдарламада мыналар қарастырылады</u>***

***соңғы мақсат***

***соңғы мақсатқа жету қажеттілігі үшін ресурстар кешені***

***Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңдері мен мерзімдері***

***жауапкершілік жүйесі мен ынталандыру***

# Жалпы стратегияны орындау үшін бағдарламалар қарастырылған.

Оның мақсаты экономиканы тұрақтандыру, шаруашылық жүргізудің тиімді механизмін құру, нарықтық экономика негіздерін қалыптастыру.



# ҚР-ның әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы

1. **елдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысын бағалау және экономиканың жағдайын сипаттау;**
2. **орта мерзімге еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасының тұжырымдамасы;**
3. **макроэкономикалық саясат;**
4. **институтционалды қайта құрылым;**
5. **инвестициялық және құрылымдық саясат;**
6. **аграрлық саясат;**
7. **экологиялық саясат;**
8. **әлеуметтік саясат;**
9. **аймақтық экономикалық саясат;**
10. **сыртқы экономикалық саясат.**



# Мемлекеттік бағдарламалар түрлері



**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар**

**1-деңгейдің сұрақтары**

**1.Экономиканы реттеуде болжамдау мен жоспарлаудың қажеттілігін түсіндіріңіз.**

**2.Экономикалық болжамдау дегеніміз не және маңызы қандай?**

**3. Индикативтік жоспарлауды сипаттап көрсетіңіз.**

**2-деңгейдің сұрақтары**

1. **Жоспарлаудың түрлерін атаңыз.**
2. **Болжамдаудың кезеңдерін көрсетіңіз.**
3. **Мемлекеттік реттеудің әдістерін көрсетіңіз.**

**3-деңгейдің сұрақтары**

1. **Бүгінде Қазақстанда стратегиялық жоспарлаудың ерекшелігін ашып көрсетіңіз.**
2. **Қазақстан Республикасының индикативтік жоспарлар жүйесі қаншалықты маңызды екенін өз бетінше түсіндіріңіз.**
3. **Мемлекеттік бағдарламаны қалыптастырудың маңыздылығын айқындап көрсетіңіз.**

## Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. // Еегемн Қазақстан, 15 желтоқсан, 2012.
2. Ихданов Ж.О., Орманбеков Ә.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Алматы, Экономика, 2002
3. Государственное регулирование экономики. Под.ред.В.И.Кушлина и Н.А.Волгина, М: 2000
4. Государственное регулирование рыночной экономики. Под.ред. Р.П. Петрова, СПб, 1999
5. Стратегия развития Казахстана и реформирование национальных производительных сил. Институт Экономики. Под ред. Кенжегузина М.Б. Алматы – 1998.
6. Мищенко В. В. Государственное регулирование экономики. Москва: ИНФРА-М, 2002.
7. Сундетов Ж. Планирование и прогнозирование в условиях рыночной экономики. Учебное пособие. Алматы: Экономика, 2004.